

**• ТАҚЫРЫП 4. НАРЫҚТЫҚ  
ЭКОНОМИКАСЫ БАР ЕЛДЕРДЕ  
СЫРТҚЫЭКОНОМИКАЛЫҚ  
БАЙЛАНЫСТАРДЫ МЕМЛЕКЕТТІК  
РЕТТЕУДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ**

Дәріс жоспары (1 сағат)

- 1.СЭІ реттеудегі АҚШ тәжірибесі.
- 2.Ұлыбританиядағы СЭІ реттеу.
- 3.СЭІ реттеудегі Жапондық тәжірибе.

**Нарықтық экономикасы бар елдерде  
сыртқыэкономикалық байланыстарды  
мемлекеттік реттеуді ұйымдастыру**



**Сыртқыэкономикалық іс-әрекетті  
реттеудегі АҚШ тәжірибесі**

АҚШ-тың сыртқыэкономикалық іс-әрекетті реттеуі кеңейтілген ұдайы өндіріс капиталы мен американдық монополиялар пайдасының өсімі үшін сыртқы жағдайларды қамтамасыз етуге бағытталған экономикалық және саяси шаралар кешенін қамтиды.



АҚШ үкіметі өзінің сыртқыэкономикалық саясатында тауарлар мен қызметтер саудасы саласындағы американдық монополиялар экспансиясына кедергі болатын тосқауылдарды жоюға ерекше назар аударады.





АҚШ монополиялары дамушы елдермен эквивалентті емес саудасаттық жасағаннан үлкен табысқа ие болады: американдық тауарларды осы елдерге жоғары бағамен сатады, ал дамушы елдердің плантациялық шаруашылығының шикізаты мен өнімін төменгі бағамен сатып алады.



- Дамыған капиталистік елдермен АҚШ қатаң бәсекелік күресуде (әсіресе «Жалпы нарық» елдерімен және Жапониямен).



# Ұлыбританиядағы СЭІ-ті мемлекеттік реттеу туралы



# Еуропалық Одақ шеңберіндегі Ұлыбританияның сыртқыэкономикал ық саясаты



ЕО мүшесі бола отырып, Ұлыбритания Бірегей Кеден Одағына кіруіне өз келісімін беріп, ортақ кедендік кеңістіктің бөлігіне айналды. Оның территориясында сыртқыэкономикалық қатынастардың бірегей нормалары мен ережелері әрекет етеді.



- ЕО сыртқыэкономикалық саясатын өңдеудегі, сондай-ақ оның үшінші елдермен сыртқы саудасын реттеудегі кілтті жағдайға БСҰ, ОЭСР, ЮНКТАД сияқты ірі халықаралық ұйымдарға толық құқықпен қатысуын жатқызуға болады.



# BURBERRY

- Үшінші елдерге және бірлестіктерге қатысты ЕО түрлі қызметтестік саласында екі жақты келісімдерге отырған.
- Осылайша, ЕО шеңберінде қабылданған директивалар сыртқыэкономикалық іс-әрекетті ретудің негізгі құралы болып табылады.



# **Бүкіләлемдік сауда ұйымы (БСҰ) іс-әрекетіне Ұлыбританияның қатысуы**




- Ұлыбритания БСҰ-ның дербес мүшесі болуына қарамастан, ЕО жалпы сауда саясаты талап еткендей, ол осы ұйыммен Еуроодақ мүшесі ретінде қызметтестікті жүзеге асырады
- Сауда-саттық пен өнеркәсіп Министрілігі Ұлыбританиядағы БСҰ-мен өзара әрекет етуде координациялайтын рольге ие болады



- БСҰ көпжақты сауда келіссөздерінің кезекті раундын өткізу шеңберінде Ұлыбритания Үкіметі үшін келесілер басымды бағыттар болып табылады:
- -инвестициялар;
- -БСҰ-ң интеллектуалды меншік құқықтарының сауда аспектілері бойынша келісімдері, денсаулық сақтау мәселелері;

- -сауданың, борыштар мен қаржылардың өзара байланысын талдау;
- -технологияларды сату және олармен алмасу; әлсіз экономикасы бар елдермен көпжақты сауда жүйесіне ену мәселелері.



Ел үкіметі сыртқы сауданың дамуына және шет мемлекеттермен елдің инвестициялық байланыстарының әрі қарай өрлеуіне ерекше назар аударады.

Негізгі мақсаттардың ішінен төмендегілерді атап өтуге болады:

-Сыртқы нарыққа британдық тауарлардың өтуіне және шетелдік инвестицияларды тартуға көмек көрсету;




-Британдық экономиканың бәсекеқабілеттілігін арттыруға бағытталған үкімет саясатын координациялау (басты мақсат);

-СЭІ қатысушыларына көмек көрсету.



Тауарлар қозғалысын мемлекеттік реттеу саласындағы өкілетті органға салықтар, алымдар мен кедендік баждардың корольдік қызметін жатқызуға болады (HM Revenue & Customs, HMRC).

Аталмыш қызмет Кеден мен акциздердің корольдік қызметі (HM Customs and Excise) мен Салық қызметінің (Inland Revenue) бірігуі нәтижесінде 2005 жылы құрылып, өз іс-әрекетін 2005 жылғы мемлекеттік кірістер мен кеден ісінің мәселелері бойынша өкілетті Заң ережелеріне сәйкес жүзеге асырады.



# Оның негізгі қызметтері

- Британдық қоғамды дәрі-дәрмекті, спирттік ішімдіктерді, шылым мен шылым өнімдерін заңсыз әкелуден, салықтарды төлемеуден қашудан құтқаруды қоса отырып, «кедендік баждарды алу және шекараларды қорғау»;
- Өкілетті министрліктер атынан және олардың бұйрығы бойынша тарифтік шараларды қолдану;
- СЭІ-ті жүзеге асыру;
- Импорттық-экспортты бақылауды жүзеге асыру;
- Сыртқы сауда бойынша статистикалық мәліметтер жинау.

# Импорттық реттеу



- Импортты тарифтік реттеу саласындағы негізгі құжат – Ұлыбританияның Біріктірілген тарифі.
- Көптеген тауарлар Ұлыбританияға шексіз енгізіле береді. Алайда елдің ұлттық экономикасының жекелеген секторларын қорғау, халықаралық міндеттемелерді орындау, ұлттық тұтынушыны қорғау мақсатында импорт шектелуі мүмкін.

# Экспорттық реттеу



- Экспорт жөніндегі Ұлыбритания заңнамасы экспорт үшін ЕҚ-ң жалпы ережелеріне сүйенеді
- Ұлыбританиядан экспорт та еш шектеусіз жүзеге асырылады, тек оның экспорттық бақылау мен лицензиялау жүйесіне қатысты тауарлар ғана кірмейді, олар:
- -әскери мақсатта қолдауға болатын өнеркәсіптік тауарлар, алайда олар алғашқы кезде мұндай мақсаттарға арналмаған (мысалы, компьютерлер, электронды құралдар, станоктар, т.б.);




- әскери құрал-жабдықтар, мысалы, қару, бомбалар, танктер, әскери ұшақтар, кемелер, т.б.;
- ядролық қаруды өндірумен байланысты тауарлар;
- химиялық құралдардың бастапқы элементтері;
- антиквариат және өнер туындылары;
- АҚШ-қа экспортталатын болаттан жасалған кейбір бұйымдар.



# Инвестициялық іс-әрекет

- Ұлыбритания әлемнің дамыған елдерінің арасында ең тартымды инвестициялық тәртіптерге (салық салу саласында) ие.
- Ол шетел мемлекеттерімен екі реттеік салық салуды болдырмау жөніндегі жасалған келісімдер саны бойынша әлемдік лидер болып табылады.
- Елдегі инвестициялық іс-әрекетті реттейтін негізгі заң актісіне 2000 жылғы Қаржылық қызметтер мен нарықтар туралы Заңды жатқызуға болады

- Халықаралық еңбек бөлінісінде **Жапония** құрал-жабдықтар мен технологиялардың ірі тасымалдаушысы болып табылады.





- Жапонияның шикізат импортына тәуелділігі мемлекет экономикасының осал жерлерінің бірін құрайды.
- Екіншіден, елде орын алған демографиялық ахуал да экономикаға зор әсер етеді.

- Соңғы жылдарға дейін Жапон компаниялары өздерінің жинақтаушы зауыттарын ҚХР-ға тасымалдап, дайын тауарлар Қытай және басқа да мемлекеттердің нарықтарына жеткізілді.



- Бірақ Қытай өте қарқынды түрде электроника, байланыс құралдары, автомобильдер өндірісін дамытып, тауар түрлері мен сауда маркілерін жасақтап, жапон компаниялардың дәстүрлі нарықтары болып табылатын Еуропа мен Солтүстік Америкада бәсекелес бола бастады.

- Жапония кеме жасауда, қара металлургия да, тұрмыстық электро-техникада, автомобиль жасауда, және сандық программалық басқаруы бар жабдықтар өндірісінде әлемдік медерге шықты.







- Сапалылық мәселелерді жапондықтар алдыңғы қатарға қояды. Белгілі бір ағылшын зерттеушінің айтуынша: «Сапа – бұл жапондықтардың ұлттық ұстанымы, бұл мәселені олар басты мәселердің алдына қояды.

# Ұй жұмысы

- Германиядағы СЭІ реттеу